

ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТА ОҚЫТУДЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН МАҚСАТЫ

Мақалада оқуучулардың эне тилинде сүйлөө маданиятын қалыптандырууда дисциплина аралық байланыштардың ролу, мындай байланышта оқууунун мазмуну менен максаты талдоого алынган.

Ана тілін оқытудың бір мақсаты – білімді, сауатты, өз ойын дұрыс әрі шебер жеткізе білетін, мәдениетті жастарды даярлау. Жас жеткіншектерге тіліміздің байлығын, оның көркемдігі мен өрнегін, ойды анық та айқын жеткізе білу тәсілдерін үйрету қазіргі заман талабы болып отыр.

Мәселен «Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарда»: «Қазақ тілі» пәнін оқытудың мақсаты - ана тілінің қоғамдық-әлеуметтік мәнін түсінген, тілдің қызметін жүйелі меңгерген, қарым қатынастық біліктілігі дамыған, сөз мәдениетінің талаптарына сай іскерлікті меңгерген дара тұлға даярлауға мүмкіндік туғызу» - деп белгіленген [1].

Мектепте ана тілін оқыту бір-бірімен байланысты маңызды екі мәселені шешеді. Біріншісі, баспасөзді, кітапты дұрыс оқи білуге және сөйлескен кісілерді тыңдай білуге даярлау. Елімізде мыңдаған кітаптар мен газет-журналдар күнделікті басылып жатады. Сол жазба тіл арқылы жазушы мен айтушының мақсатын дәл түсініп, терең меңгере бермейді. Мұндай кемшіліктерді болдырмау үшін жастардың тілін дамыту, тіл мәдениетін жақсарту міндеті келіп шығады. Бұл мәселелер тілдің стилистикасына байланысты қарастырылады.

Екіншісі, мектеп оқушыларын оқытуда ана тілін қатынасында дұрыс қолдана білетін, әр сөзді орынды, нақты, тиімді пайдалана алатын, яғни тілдік қарым-қатынасқа тәрбиелеу міндеті. Бұл мәселелер пәнаралық байланыс негізінде шешіледі.

Бұл тұрғыда қазір қазақ тілі пәнінің мазмұнындағы жаңа бағытқа - стилистиканы оқыту, оқушылардың ауызша және жазбаша тілін стилистикалық тұрғыдан дифференциалды дамыту пәнаралық байланыс арқылы оқушының ойын, тілін дамыта оқытуға айрықша көңіл бөлініп отыр. Сондықтан оқушыларға қазақ әдеби тілінің нормасы, стилистикасы және әдеби тілдің стильдері туралы терең білім беру, пәнаралық негізде стилистикалық ұғымдарды игерту, олардың тілін дамыту мен тіл мәдениетін арттырудағы ең маңызды мәселелердің бірі болмақ.

Бұл міндеттердің жүзеге асырылуы оқушының лингвистикалық дүниетанымының қалыптасуна, әрі олардың тәжірибелік іскерлік-дағдыларының қоры ретінде қызмет етуге негіз қалайды. Мұның қай-қайсысы да тіл арқылы баланың логикалық ойлауын дамытуға, қарым-қатынастық дағдыларын жетілдіруге, яғни сөйлесім әрекетінің түрлеріне қатысты дағдыларын қалыптастыруға әсерін тигізеді. Сол себепті «Қазақ тілінің» жаңа білім мазмұнын меңгертудің функционалдық-семантикалық және қатысымдық әрекеттік аспектілерін күшейтудің қажеттілігі арта түседі. Бұл талаптарды орындау мектепте оқытылатын пәндерді өзара байланыстыра оқытумен байланысты шешілмек.

Пәндерді бір-бірімен байланыстыра оқыту оқушыларға жүйелі білім берудің тиімді тәсілдерінің бірі болып саналады. Өйткені көптеген ғылымның жалпы табиғатында, шығу тегінде туыстық бар. Мәселен. тіл мен әдебиет ғылымдарының төркіні - ортақ. Ол - тіл. Дегенмен бұл екі ғылымның эстетикалық әсері, құрылымы, жасалу жүйесі сияқты бір-біріне ұқсамайтын өзіндік ерекшеліктері де бар. Көркем шығарма адамның психологиялық болмыс, бітімін бейнелейді, азаматтық рухты, халықтық қасиеттерді, уақыт тынысын, заман сипатын өрнектейді. Әдеби туындының сол қасиетін жақсы түсініп, одан рухани нәр алуы үшін оқушы тілдің, оның түрлі заңдылықтарын жете игеруге тиіс.

Демек, оқушының әдеби шығармалардың табиғатын терең, жан-жақты түсініп, одан рухани-эстетикалық әсер алуы мен танымының артуына тіл ғылымының тигізер көмегі аз емес. Сондықтан мұғалім оқушылардың қазақ тілінен оқыған сөз және оның лексикалық мағынасы, тура, ауыспалы мағыналы сөздер, синоним, омоним, антоним, диалект, кәсіби, архаизм, неологизм, термин сөздер, фразеологиялық тіркестер, т. б. мәліметтерді көркем мәтінмен байланыстыра оқытады. Себебі әдебиет сабағында көркем шығарманың идеялық мазмұнымен қоса оқушылардың сөз байлығын молайту, оларды сөздің мағынасын айыра білуге, оны орынды қолдануға, сол арқылы ойын жүйелі жеткізуге үйрету мақсаты көзделеді. Демек, сөзді, оның түпкі мағынасын оқушы қаншалық терең ұғынса, көркем шығарманы да соншалық жете түсінеді. Сол арқылы ауызекі дұрыс сөйлеуге, сауатты жазуға жаттығады.

Ал бұл бөлімнің негізгі қазақ тілінің стилистикалық ұғымдары меңгерумен байланысты. Мәселен, білім беру стандартында: «Негізгі сатыда Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының қағидаларына сәйкес жалпы білім беретін мектептің жаңа жүйесін негіздеуде қазақ тіл білімінің салалары бойынша ғылыми – теориялық білім беріледі. Мұнда негізінен тілдік білім арқылы оқушының лингвистикалық дүниетанымын қалыптас-тыру көзделеді. Мәтіндер арқылы танымы кеңейтіледі, тілі дамыталады. Сонымен қатар, олардың тіл мәдениетін игеруіне көңіл бөлінеді. Мектептің негізгі сатысында оқытылатын «Қазақ тілі» пәнінде тілдің танымдық сипаттары мен қатысымдық эстетикалық қызметтері өзара бірлікте танытылады [2,9]. Өйткені мектепте, әрбір сыныпта әр түрлі ғылым негіздері туралы білім беріледі. Мысалы: 9-сыныпта тарих, әдебиет, биология, география, физика т.б.

Бұл мақсатты оқу бағдарламасында: «Қазақ тілі сабағындағы пәнаралық байланыс арқылы қоғам, табиғат туралы адамзат жинап қорытқан білім негіздерімен қаруландыру» - деген талап қойылған [3,4]. Бұл пікірлердің мәні белгілі сынып оқушыларының танымын, ойын, тілін дамыту арқылы өзіндік көзқарасын қалыптастыру болып табылады. Ол туралы Я.А.Коменский: «Все, что находится во взаимной, должно преподаваться в такой же связи», - деген болатын [4,287].

Бұл пікірлерге қарағанда, оқытуда оқушылардың ойын, тілін пәнаралық негізде дамыту қазақ тілі стилистикасын білім мен дағды беру айрықша мәнге ие болсын. Өйткені «Стилистика әдеби тілдер жүйесін талдап, тілдік құралдарды қолдану Заңдылығын түсіндіретін лингвистикалық пән» деп анықталады [5].

«Стиль» ұғымы бірнеше мәнде қолданылады. Ал тілге қатысты стиль белгілі тілдегі лексикалық, грамматикалық және фонетикалық, орфографиялық, орфоэпиялық т.б. тәсілдердің қолданылуы ұстанымдары және стилистика тілдік құралдарды қолдану заңдылықтарын, сөз, сөз тіркесі, сөйлемді экспрессивті – эмоциональды тұрғыдан пайдалану тұрғысын зерттейді. Ал тілдік құралдар – сөйлеу жүйесін түзеді. Демек, стилистикалық білім, икемділік, дағдылар оқушылардың сөйлеу әрекетін тілдің функциональдық қызметіне орай құрастыруды қалыптастырады. Ал функционалды стиль түрлері әдеби тіл стильдері бойынша мәтін бойынша анықталады. Мысалы, ғылыми сөйлеу – ғылыми мәтін бойынша, ресми сөйлеу – іскери құжаттары мәтін бойынша, суреттеу, сипаттау – көркем мәтін ретінде анықталады. Сондықтан мәтін ұғымын, оның құрылымы мен стилистикалық ерекшеліктерін игеру басқа пәндермен байланыс негізінде де жүргізіледі. Сондық біз зерттеуімізді сөйлеуіміздің нәтижесі болып табылатын мәтіннің стилистикалық ерекшеліктерін игерту, стилистикалық ұғымдар туралы түсінігін пәнаралық негізде ұйымдастыруды мақсат еттік.

Бірақ бұл пәнаралық байланыс оқытуда өз дәрежесінде дами алмай келеді. Мәселен, осы кезге дейін қазақ әдебиеті мен қазақ тілі пәндерін байланыстыра оқытудың әдістемесі бір жүйеге түскен жоқ. Сондықтан мұғалімдер қазақ әдебиеті мен тілін байланыстыра оқыту ісін тек өз тәжірибелеріне ғана сүйеніп жүр. Ал тарих, география, биология т.б. пәндермен қазақ тілін пәнаралық негізде оқыту мәселесі қолға алынған жоқ.

Тұжырымдағанда, қазақ тілі пәнін оқытуда негізінен теориялық мәселеге, яғни

лингвистикалық білім беруге айрықша назар аударылады да, ал тілдік құралдардың қолданылуы, яғни тілдің функционалды қатысымдық қызметіне тәжірибелік түрде игеру кенжелеп қалды. Нақтылағанда, сөйлеу әрекетінен гөрі, тіл біліміне көңіл бөлінді. Ал оны мәтін дәрежесінде, тілдің функционалды стильдер жүйесіндегі мәтін түрлері бойынша оқушылардың тілін дамытуға назар аударылмады.

Бүгінгі күнгі ғылымдағы және тәжірибедегі әлеуметтік және гносеологиялық өзгерістер дидактиканың әдістемелік негіздерін түсінуді тереңдетеді. Олар оқулық танымдықты жалпыламалаудың және әлеуметтендірудің жоғарғы деңгейіне бағытталғын. Қисынды - әдістемелік дидактикалық тұжырымдаманы құрудың қажеттілігін туындатады. Интеграция және бүтіндіктің идеялары дидактикалық зерттеулерде оқытудың бөлек бір үдерісінде және құбылыстарында білімнің кең жинақталуының арқасында ойдағыдай дамиды, сонымен қатар олардың өзара байланысы орнатылған және бұл арқылы оларды теориялық жалпылауға, педагогикалық қызмет нысандарын кешенді және жүйелі оқып-үйренуге алдын ала жағдай жасалады.

Пәнаралық байланыстар оқытуда гносеологиялық ұстанымының (принципінің) жүйелілігінің дидактикалық формасы ретінде қарастырылады. Олар оқу үдерісінде бүгінгі күнгі әдістемелік негіздерінің қажетті және мәнді буыны болып саналады және оған жүйе құру бастамасы ендіріледі. Әрбір тақырып бойынша «пәнаралық байланыстар» арнаулы бөлім қосатын пәндік оқытудың және бүгінгі күнгі бағдарламалардың негізінде олар тек қана білімдерді интеграциялай жалпыламалап қоймайды, сонымен қатар оларды дифференциялайды, нақтылайды, қандай да бір болмасын нысандарды оқып-үйренуде жалпыны, ерекшені және бірлікті қоса отырып пәндердің өзара көпжақты байланысы әдістемелік санаттар тұрғысынан жалпыланған оқушылардың нақты білімдерін қалыптастырады, оларсыз ғылымдар негізін жүйелік игеруге болмайтын гносеологиялық мәселелерді ашады. Пәнді шын мәнінде білу олардың әрбір жағын, барлық байланыстарын толығымен игеруде мүмкін болмақ. Өйткені зат пен құбылыстардың көп түрлі қатынастарының барлық жиынтығын қарастыру арқылы жүреді.

Пәнаралық байланыстардың оқу-танымдық әдістемелік қызметі әртүрлі оқулық пәндермен оқып-үйренілетін үдерістер мен құбылыстардың бірлігін және көп түрлілігін қамтамасыз етуде болады. Бұл бірлік алдымен -ғылыми фактілердің байланыстарымен деңгейінде бекітіледі. Мұғалімдердің пәнаралық байланыстарды тереңдету үдерісінде әрі қарай синтездеу білімге салыстырмалы аяқталудың формасын хабарлайды.

Білім жалпы формада, заң тұлғасында, ұстанымымен айқындалады және жан-жақтылық сипатта болады. Бірліктен жалпы формаға өтуіне бірлік туралы білімнің сипаттары көптүрлі қамтылудан және шындықтың жаңа салаларын жалпылаудан өтеді және әртүрлі оқу пәндеріндегі нысанның, құбылыстардың үдерістерінің қасиеттерінің арасында жаңа өзара байланыстарды орнатады. Пәнаралық байланыстар бұл жағдайды синтетикалық танымдықтың формасы ретінде орын алады. Әртүрлі оқу пәндерде оқып-үйренілетін білімдер ғылымға толығымен тән болатын ішкі аяқталуды, жалпылықты қабылдайды.

Пәнаралық байланыстар танымдық пәндік саласын кеңейтеді және танымдықтың арнаулы жаңа нысаны ретінде олар білімнің бөлек бір элементтерінің арасындағы байланыстарды бөліп шығарады және ғылыми білімді ұйымдастырудың синтездеудің әдісін анықтайды, сонымен қатар материя қозғалысы формаларының жалпы өзара байланыстарын айқындайды.

Пәнаралық байланыстар оқу-танымдық және әдістемелік қызметті атқарады, себебі олар оқу пәндерінің құрылымдық элементтерінің арасындағы қатынастардың жалпыланған формасын сипаттайды және олардың дүниетанымдық қызметін қамтамасыз етеді. Пәнаралық байланыстар оқулық танымдық жүйелік принципін іске асыруда өте мәнді құрал (В.В.Давыдов) және оқулық танымдық теориялық жалпыламауды және әртүрлі пәндердің оқулық материалдарын білімнің дүниетанымдық кешеніне құрылымдайды.

Оқулық танымдықтағы білімді пәнаралық интеграциялаудың тетіктері ең алдымен құрылымдық қалпына келтірілген бөлек бір пәндердің оқулық материалынан жалпыланған, ғылымаралық идеяларды және танымдықтың әдістерін және олардың экстраполяциясын басқа пәндік салалардың изоморфтық жүйесін абстракциялауда болады (нысандар, процестер, әрекеттер).

Пәнаралық байланыстар танымдық әдісінің диалектикалық мәнін құрайтын оқытудағы қайшылықтарды мәнді жасайды. Пәнаралық байланыстардың көмегімен үдерістер мен құбылыстардың жалпы өзара байланысын ашу, олардың қарама-қайшылықтардың бөлігінде және таласында дамуы жаңа, жалпыланған танымдық мақсаттарды алға қоюды талап етеді. Мұндай мақсаттар оқушылардың әртүрлі пәндерден білімді жалпылау шеберліктерін дамытудың қажеттілігін, бірлікте жалпыны көруді және жалпының тұрғысынан ерекшені бағалауды талап етеді. Бұл жағдайда оқыту үдерісінің жылжыту күші, оның негізгі, жаңа талаптарының және оқушылардың ақыл-ойдың дамуының деңгейінің арасында іске қосылады.

Сонымен, пәнаралық байланыстар оқушылардың бүгінгі күнгі оқу үдерісінің және танымдық қызметінің дамуының өте мәнді факторы болады.

Оқыту үдерісінің түгелімен биігірек ғылыми деңгейге көтере отырып, пәнаралық байланыстар мектеп оқушысының тұлғасына көпжақты әсер етеді, сонымен қатар оқу үдерісінің білім беру, дамыту және тәрбиелеу қызметтерінің бірыңғайлығын қамтамасыз етеді.

Мектеп оқушыларының көзқарасын қалыптастыру табиғи-ғылыми және гуманитарлық пәндерді оқып-үйренуде ғылыми білімдердің және идеологияның бірыңғайлығын ашуда философиялық жалпылаудың негізінде мүмкін болады. Ерекше мәнді ғылымның өнегелік аспектілерін ашу, «адам-қоғам-табиғат» өзара гуманитарлық-эстетикалық, қоғамдық-тарихи және табиғи-ғылыми циклдар пәндерінің жалпы мақсатын құрастырады. Осыған орай жүйелік ойлау шеберлігін, бүгінгі күнгі ғылыми танымдықтың әдісі ретінде дамыту ерекше мәнді болады. Білімдерді кешенді пайдалану шеберлігін қалыптастыру, күрделі синтетикалық мақсаттарды пәнаралық байланыстар негізінде шешудің тиімді жолдарын түзу, білімнің эклективтігін және утилитаризмін болдырмайтын - мектеп оқушыларына сапалы білім берудің, оларды тәжірибелік өзіндік қызметке дайындаудың негізгі өзегі, бұл тұрақты түрдегі өзіндік білім ашуды талап етеді.

Тұжырымдағанда, пәнаралық байланыста оқыту оқушылардың білімдерінің танымдық жүйесінің қалыптасуына әкеледі.

Күрделі жүйелердің табиғатын түсіндіруге тырысқан ғалымдар, философтар жүйелерді элементтердің ерекше ұйымдасуы, ретінде сипаттап, яғни жүйенің анықтамасында алдымен оның элементтеріне немесе бөлшектеріне көңіл бөледі.

Ол туралы В. Шабельников: «Жүйені түсінудің тәсіліне оны бөлшектер-ге бөлуге болмайды» деген түсініктер негізге алынады [6]. Және біздің ойлауымызда жүйелер бейнесі бөлу арқылы жасалынады.

Мәселен, стилистика бүтін нәрсе деп есептесек, тілдік құралдар оның бөлшегі, яғни тіл бөлшек болып табылады. Демек, жалпы тіл стилистикалық ұғым, осы лексикалық, грамматикалық, фонетикалық т.б. ұғымдар негізінде қалыптасады да қатысымдық сөйлеу әрекетінде тілдік жүйе болып табылады.

И.В. Блоцберг, В.Н.Садовский және Э.Г. Юдтк жүйелерге берілген әр түрлі анықтамаларға қысқаша мәлімет келтіреді, олардың ішінде жүйені оның элементтері арқылы жасауға болады деген анықтамалар басым орын алады: «Шынында да әдебиеттерде жүйені» өзара әрекетте болатын элементтер кешені болып табылады (Берталанфи); «уақыт ағымымен өзгере алатын бір нәрсе, реалды машинаға тән кез келген өзгермелі заттардың жиынтығы» (Росс Эшби), өзара және олардың атрибуттары арақатынасы болатын көптеген элементтер (Р. Фейдшин және А. Холл), «Элементтер жиынтығы, олар» былай ұйымдасады: жаңа элементті өзгерту, алып тастау немесе енгізу заңды түрде қалған элементтерге әсер етеді (В.Н. Топоров), «әр түрлі элементтердің

өзара байланысы», бәрі бір – бірімен байланысқан бөлшектер (Ст.Бир) , «объектілердің кіруін көрсету және олардың нысаннан шығуы» (М.Месарович) және т.б. ».

Жүйені әлеуметтер жиынтығы ретінде қарастыратын анықтамалар шетел және кеңестік авторларда да кездеседі.«Философиялық энциклопедиялық сөздікте «жүйе» терминін (1983) В.Н. Садовский былай деп жазады: «Жүйе –(грек сөзінен – бүтін, бөлшектерден құралған бірігу) бір – бірімен байланысқан элементтердің жиынтығы, ол белгілі бір бүтіндікті, бірлікті құрайды».

Қорыта келгенде, әрбір ғылымның жүйесі болады, ол бөлшектерден, өзара байланысқан ұйымдардан құралады. Мысалы, тіл стилистикасы: тілдік құралдар, олардың сөйлеу әрекетінде қолданылуы, стилистикалық рең, стиль, функциональды стиль, ресми стиль, т.б. ұғымдардан құралады. Демек, оқушыларға әдеби тіл стильдерінен білім, икемділік пен дағдыларын қалыптастыру үшін осы ұғымдарды, олардың бір-бірімен байланысын игеру қажет. Ал, ол лигвистика, психология, дидактикалық ұғымдар жүйесін негізге алады, яғни қандай ғылым болсын пәнаралық байланысы игертіледі. Бұл стилистикалық ұғымдарды теориялық-практикалық жағынан игеру оқушының тілінің дамуына әсер етеді. Сондықтантан баланың сөйлеу мәдениетін дамыту стилистикалық ұғымдарды, оның жүйесін оқытуда пәнаралық байланыс негізінде игертіледі.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары. – Алматы: РОНД, 2002, - 360 бет.
2. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңы. – Алматы: 2004, 38 бет.
3. Бағдарламалар. Қазақ тілі, 10-11 сыныптарға арналған. Алматы, 2007, 12 бет.
4. Коменский Я.А., Мир чувственных вещей в картинках. – М.: Учпедгиз, 1957, - 309 стр.
5. Балақаев М., Жанпейсов Е., Томанов М., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. – Алматы: Мектеп, 1974.
6. Шабелтников В. Психика-функциялық жүйе. – Алматы: Ана тілі, 1998, 248 бет.
7. Философский энциклопедический словарь. – М.: Советская энциклопедия , 1983, 839 стр.